

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қазандағы N 1042 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

4-тармақтағы ", 80%-ін өтеусіз негізде республикалық бюджеттен береді" деген сөздер "береді, 80%-ін мердігерлерге Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту жөніндегі қызметтерге ақы төлеу есебіне аударады" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қайта жаңарту барысында мердігерлерден алынған негізгі қаражат "Астана халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беріледі."

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі